



Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

№120
(20593)



10 тамыз, бейсенбі 2023 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz

www.syrboyi.kz



www.facebook.com/syrboyi_kz/



www.instagram.com/syrboyi_kz



https://twitter.com/syrboyi



t.me/syrboyi_kz

ПРЕЗИДЕНТ



ӨТКЕН ҚЫСТЫҢ АЩЫ САБАҒЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Павлодар облысына жұмыс сапары Екібастұз қаласындағы жылу-электр орталығын аралап көруден басталды.

Облыс әкімі Асайын Байхановтың баяндауынша, техникалық аудит нәтижесінде Екібастұз ЖЭО акционерлерімен бірлесіп қаланы жылумен қамтамасыз ету мәселелерін шешу жөніндегі іс-қимыл жоспары дайындалып, бекітілген.

Жоспарға сәйкес «ОАЭК» АҚ-ның жеке қаржысы (8,2 млрд теңге) және Үкімет резерві мен облыстық бюджеттен бөлінген қаражат есебінен (8,5 млрд теңге) барлық 10 қазандық агрегатты (5 бұ және 5 су жылыту) жөнделеді.

Нысанның жай-күйімен танысқан Президент Үкімет пен облыс әкіміне Екібастұз ЖЭО-сының қызметін қалпына келтіру жұмыстарының сапасы мен мерзімін айрықша бақылауға алуды тапсырды.

– Жағдай күрделі. Көп нәрсе тозған. Бұл мәселемен жүйелі түрде айналысып, әрқашан бақылауда ұстау қажет. Былтыр қыстағы жағдай осы қалада да немесе басқа қалада да қайталанбауы керек. Бұл – Үкімет пен барлық әкімдердің жауапкершілігі. Болған жағдайдан ащы сабақ алдық. Ел азаматтары мен аталған қалалардың тұрғындарына шыдамдылық пен түсіністік танытқаны үшін алғыс айту керек. Бірақ үнемі төзе беруге де болмайды. Сондықтан тиісті шараларды қабылдаймыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сондай-ақ Мемлекет басшысы орамшыл және магистральдық желілердің, сондай-ақ қаладағы тұрғын үй қорының алдағы жылыту маусымына дайындық барысын тексерді.

Президент Екібастұз қаласындағы жылу-электр орталығының жағдайымен танысқан соң жергілікті тұрғындармен әңгімелесті. Қала тұрғындары үйлерін жылумен қамтамасыз етудің мән-жайы туралы айтты.

Мемлекет басшысы қиын-қыстау жағдайда шыдамдылық танытқаны және апат салдарын жою кезінде азаматтық белсенділік көрсеткені үшін екібастұздықтарға алғыс айтты.

– Екібастұзға ахуалды көру үшін арнайы келіп отырмын. Өткен қыс оңай болған жоқ. Бәрін көрдім, түсінемін. Дегенмен бәріміз бір ұлт, бір ел ретінде ауызбіршілік танытуымыз керек. Қала тұрғындары осы қиын жағдайда сабырлық танытып, шыдады. Азаматтық позициясын, көзқарасын білдірді. Сондықтан баршаңызға ризашылығымызды білдіремін. Үкіметке тиісті тапсырмалар берілді. Тиісті қаражат бөлінді. Сондықтан бәрі ойдағыдай болады деп ойлаймын, – деді Президент.

Тұрғындар мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан қолдау үшін алғыс айтып, Президенттен қаланы абаттандыру және әлеуметтік нысандар салу мәселесін көтерді. Атап айтқанда, Екібастұз қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Самат Рамазанов «Шахтер» саябағына күрделі жөндеу жүргізу қажет екенін айтты. Ал көпбалалы ана Аяна Смағұлова қалада балалардың бос уақытын тиімді өткізіп, олардың жан-жақты дамуына арналған Шығармашылық үйін салып беруді сұрады.

Мемлекет басшысы тұрғындардың өтініштерін назарға алып, тиісті тапсырма беретінін жеткізді.


– Дұрыс айтасыз. Назарға аламыз. Қысқа уақыт ішінде Шығармашылық сарайын саламыз. Жалпы, бізге ел көлемінде өскелең ұрпаққа қызмет ететін нысандарды көбірек салу керек. Спортпен айналысу керек екенін айтып жүрмін ғой. Балалаларды спортқа баулу керек. Бірақ ол үшін лайықты спорт алаңдары, стадиондар қажет. Тіпті ондай спорт нысандары елордада жетпейді. Сондықтан әкімдер бұл мәселемен міндетті түрде айналысуы керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент Павлодар облысына сапар барысында кәсіпорындардың шығарып жатқан өнімдерін көрді. Көрмеге тамақ және қайта өңдеу, ауыл шаруашылығы сондай-ақ металлургия, машина жасау, құрылыс индустриясы, мұнай химиясы және фармацевтика салаларындағы кәсіпорындар қатысты.

Сондай-ақ, Мемлекет басшысы Павлодар облысының әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы есепті тыңдады, «ZENITH» зауытының жұмысымен танысты. Кәсіпорын құрылыс материалдарын шығарумен және түрлі мақсатта қолданылатын нысандар салумен айналысады.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев ASTANA VISION PAVLODAR клиникасына барып, жергілікті тұрғындарға офтальмологиялық қызметтер көрсететін медицина мекемесінің жұмысымен танысты.

БҮГІН – АБАЙ КҮНІ



АБАЙ МҰРАСЫН НАСИХАТТАУ ТОЛАСТАМАУЫ ТИІС

Абайтану – А.Байтұрсынұлы, Ә.Бөкейханов, М.Жұмабаев, Ш.Құдайбердіұлы, М.Дулатов, М.Өүезов, т.б. белгілі азаматтар іргесін қалаған, бүгінде өз алдына отау тіккен, көп іс тындырған, әдебиетіміздің тарихындағы дербес ғылыми сала. Абайтану әсіресе, 50-жылдардың орта шенінен бергі кезеңде қарқынды дамыды. Атап айтқанда, 1956 жылы жарық көрген Х.Сүйіншәлиевтің «Абайдың қара сөздері», Қ.Мұхамедхановтың 1959 жылы жарияланған «Абай шығармаларының текстологиясы жайында» атты ғылыми монографияларын кеңестік абайтанудың алғашқы ірі жетістігі деп бағалауға болады. Мұнан кейінгі уақыттарда да ақын шығармаларын әдеби жанрлардың әр қырынан қарастырған түрлі зерттеу кітаптары мен мақалалар, іргелі ұжымдық жинақтар басылып шықты.

4-бет

ӨНІРДЕГІ ӨНДІРІС

«АЙ-МАР» АРНАЙЫ КИІМДЕР ТІГЕДІ

Тоқсаныншы жылдардағы тоқырау көп адамды сүйікті ісінен айырды. Түрлі кәсіпорын, жеңіл өнеркәсіп цехтары түгелдей жабылды. Бұл мамандығым деп соған машықтанғандардың мазасы кеткен өтпелі шақ еді. Жалғыз Шиелі ауданы емес, облыс орталығынан бастап, барлық аудандардағы түрлі жұмыс кезі болып отырған өндіріс ошақтары жекеге өтті, сатылды, кейбірін бұзып алды.

Erjan KOJAS,
«Сыр бойы»

Қазір елдегі жағдай бұрынғыдан өзгереді. Түрлі жұмыс көзі ашылып, кәсіпкерлік бойынша бірнеше өндірістік ғимараттар бой көтерді. Әрине, жеке инвестор есебінен болса да оған жергілікті тұрғындар мамандығымен жұмысқа тұрып, болмаса қайта даярлаудан өтіп, қызмет етіп жүр. Солай отбасын асырап, көшпен қалар емес.

Жақында ғана Шиелі ауданының орталығынан «Ай-Мар» тігін фабрикасы ашылды. Заманауи машиналармен жабдықталған фабриканың негізгі қызметі – өндірістік саладағы жұмысшыларға арнап арнайы киім тігу. Бұған қосымша орманшылар, өрт сөндірушілер және өзге де күштік құрылым қызметкерлерінің қызметтік киімін тапсырыспен тіге береді.

– Фабрикада әзірге 30-дан астам қызметкер бар. Нерізі елу тігінші жұмыс істеуі қажет, – дейді бізбен кездескен атқарушы

директор Жарас Телманов. – Тігіншілерді жұмысқа алу әлі де жалғасып жатыр. Бұйырса, осы Шиелі кентіндегі кәсіптік колледжде «тігінші» мамандығымен оқып жатқан студенттерді де жұмыспен қамту жоспарда тұр. Өйткені, кенес заманында жұмыс істеген тәжірибелі тігіншілеріміздің көбісі зейнеткер. Ал киім бойынша 500 данадан жоғарыға дейін тапсырысты қабылдай береміз. Тұтынушының талғамымен келісе отырып тігіледі.

Фабрикада тігіншілер 8 сағаттық жұмыс кестесімен жүреді. Сондай-ақ мұнда түскі ас тегін беріледі. Ал жалғыз жағына келсек, айына 90 мың мен 150 мың теңге аралығында екен. Тәжірибелі тігіншілерге, сонымен қатар, сапалы жұмыс, өнімді еңбек еткендерге қосымша ақы да жазылады.

Айтпақшы, осында жұмыс істейтін Амангүл Бердиева



«тігінші» мамандығы бойынша Алматыда оқыпты. 1982 жылы арнайы училищені бітіріп, үлкен

қаладағы «1 Мамыр» атындағы тігін фабрикасында еңбек жолын бастаған. Бойжеткен күнінен

ісмерлікке жақын апай қолы қалт етсе, ескі серігі – ине мен жіпті жанынан тастаған емес.

– Кейін елге оралып, тұрмысқа шықтық. Осындағы тұрмыстық өтеу комбинатына қарасты тігін цехында жұмысымыз жалғастырдым. Ы.Жақаев ауылындағы цехтың меңгерушісі де болдым. Ал одан кейінгі жағдай белгілі. Тәуелсіздіктен кейінгі жылдары барлық мекемелер жабылып, жұмысыз қалдық. Сол аралықта жеке тігін цехында еңбек еткеніміз бар. Одан соң аспаздық курс бітіріп, көп жыл мектепте жұмыс істедім. Енді қайтмез, бала-шаға асырау – басты мәселе. Бірақ жүрек түпкірінде мамандығым, тігін өнеріне деген құштарлық басылмапты. Ақыр соңы зейнетке аз уақыт қалғанда осы «Ай-мар» фабрикасына жұмысқа тұрдым. Менің қуанышым – елде жеңіл өнеркәсіп саласында сөл болса да алға ілгерілеушілік бар, – дейді Амангүл апай.

Қуаныштысы осы еді. Ол зейнет жасына екі жыл қалғанда сүйікті ісіне қайта оралды. Фабрикаға жұмысқа тұрды. Су жана тігін машинасын тез игеріп ала қойған. Бірқалыпты үнімен сыртғыдай дыбыс шығаратын машина дауысын оған қуаныш сыйлайтындай...

Шиелі ауданы



2-бет

ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

КҮН ТӘРТІБІНДЕГІ КЕЛЕЛІ МӘСЕЛЕЛЕР

Сейсенбіде ҚР Премьер-министрі Ә.Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында су тасқынына дайындық, ҚР Көші-қон саясаты тұжырымдамасын іске асыру барысы талқыланды. Жиыннан соң облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Үкімет басшысының тапсырмаларын іске асыру жөнінде мәжіліс өткізіп, жауапты сала басшыларына бірқатар тапсырма берді.

Жалпы 2022-2023 жылдардағы су тасқыны кезеңін елеусіз шығынмен өткіздік. Нақты айтсақ, облыстық маңызы бар «Жалағаш-Жосалы» тас жолының 42-шақырымындағы автожол көпін су шайды. Салдарынан екі аудан арасындағы жол қатынасы үзілген болатын. Көпірді қалпына келтіруге қажетті қаржы бөлінді. Қазір су тапшылығын болдырмау мақсатында көршілес Өзбекстан Үкіметімен келіссөздер жүргізілуде. Қыста «Шардара» су қоймасына өте көп мөлшерде су тасталуы мүмкін. Алдағы болуы ықтимал су тасқынына дайындықты қазірден бастап жүргізуіміз керек, – деді аймақ басшысы.

Бүгінде жұмыс тобы су шаруашылығы нысандарына бақылау жұмыстарын жүргізді. Жөндеуді қажет ететін 26 учаске анықталды. Осыған сәйкес, Қызылорда қаласы және аудан әкімдері өз аумақтарындағы анықталған учаскелерді қатаң бақылауға алып, аса қауіпті тұстарға осы бастан нұғайту жұмыстарын жүргізуі керек. Сондай-ақ су тасқынына қарсы материалдық-техникалық қордың қажетті көлемін қалыптастыру тапсырылды. Облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасына «ҚазСуШар» облыстық филиалымен бірлесіп, магистральді каналдар мен көлдер жүйесіне түгендеу жұмыстарын жүргізіп, келетін мол суға сәйкес кесте жасау жүктелді. Ал облыстық экономика және қаржы басқармасы облыс әкімі аппаратымен бірлесіп, «2021-2023 жылдарға арналған су тасқыны қауіпін алдын алу және жою жөніндегі шаралар кешені» Жол картасы бойынша бюджеттік өтінім берілген 5 ірі жобаға республикалық бюджеттен қаржы бөлінуін Төтенше жағдайлар және Қаржы министрліктерінен пысықтау керек.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе – көші-қон саясаты тұжырымдамасын іске асыру бойынша облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына бірқатар тапсырма берілді. Басқарма шетелдік жұмыс күшін тарту және еңбек иммигранттарына бөлінген квотаның толық орындалуын қамтамасыз етіп, 2024 жылға қажеттілікке қарай квота болу бойынша уәкілетті органға ұсыныс беруі керек. Облыстық қоғамдық даму басқармасы Қызылорда қаласы және аудан әкімдіктерімен бірлесіп, халықты солтүстік өңірлерге қоныстандыру бойынша кенінен түсіндірме жұмыстарын жүргізуі тиіс. Ал облыстық полиция департаменті уақытша тіркелген шетелдік азаматтардың облыс аумағында заңсыз жүрмеуін қатаң бақылауға алып, қолданыстағы заңнамаға сәйкес тиісті шараларды атқаруға жауапты.



Суреттерді түсірген Б.ЕСЖАНОВ

ЕБІ ТАБЫЛҒАН ЕҢБЕК ӨНІМДІ

Облыс әкімі аудан орталығындағы А.Сатаев және Төле би көшелерін жөндеу жұмыстарымен де танысты. Мердігер мекеме – «Арал құрылысы» ЖШС. Қазір олар көшелердің астыңғы қабатын көтеріп, жарықтандыру жұмыстарын жүргізуде. Айтпақтай, «Моно және шағын қалаларды дамыту» бағдарламасы аясында 772,3 млн теңгеге Арал қаласындағы 7 көшенің жолы жөнделуде. Олардың жалпы ұзындығы 5,5 шақырымды құрайды.

Аймақ басшысы Арал қаласындағы теміржол арқылы өтетін автожол көпірінің құрылыс жұмысын да көрді. Аспаулы көпірдің құрылысын «РИТМ» ЖШС жүргізуде, ұзындығы – 940 метр. Мұндағы жұмыс наурыз айында басталды, нысан 2025 жылы пайдалануға беріледі. Қазір қажетті заттар және техникалар тасымалданып, нысан басы тегістелді, құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізілуде. Бүгінде аудан орталығындағы көліктер бір ғана теміржол өткелі арқылы қатынайды. Өткел жабылғанда 2-2,5 шақырымға дейін автокөлік кептелісі пайда болып, жедел жәрдем, өрт сөндіру, құқық қорғау органдары сияқты кезек күттірмейтін қызметтермен қоса, тұрғындарға да кедергі келтіреді. Көпір пайдалануға берілген соң осы мәселе түпкілікті шешімін табады деп күтілуде.

1-бет



Айтпақтай, биыл Арал ауданының автомобиль жолдарын жақсартуға 7,2 млрд теңге бөлініп, жалпы 30 жоба іске асуда.

ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАРДЫ АРАЛАДЫ

Ауданға сапар барысында бірқатар әлеуметтік нысандардың құрылысы таныстырылды.

Аймақ басшысы «Тоқабай-Абай» ауызсу желісі құрылысын бастау жұмыстарын көрді. Вас мердігер – «САПА-ҚҰРЫЛЫС» ЖШС ұзындығы 170 шақырымға жуық су желісінің құрылысын 2025 жылдың сәуірі айында аяқтамақ. Нұрлыбек Машбекұлы жұмысты сапалы әрі уақытылы тапсыруды жүктеді. Мұнан әрі облыс әкімі Жақсықылыш кентіндегі денешынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылыс алаңына барды. Кешен құрылысын «Өмірзақ» ЖШС жүргізуде, жобаның келісім-шарт құны 192,7 млн теңге. Белгіленген мерзімінен кешіктіріліп жатқан нысан болғандықтан, облыс әкімі мердігер мекеме басшысына жұмысты сапаны көбейтіп, құрылысты 15 қыркүйекке дейін аяқтауды тапсырды.

Тоқабай елді мекеніндегі №248 орта мектептің құрылысы да назардан тыс қалған жоқ. Мектеп апаттық жағдайда деп танылып, былтыр демеушілік есебінен жаңа ғимарат салына бастады. Облыс әкімі білім

ұясын оқу жылының екінші тоқсанында толық аяқтап, елі игілігіне беруді міндеттеді.

Айтпақтай, «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында алдағы 3 жылда Сыр өңірінде 100 мектептен астамын қаржыға 21 мектеп құрылысы жүргізіледі. Оның 4-уі Арал ауданында бой көтермек. Биыл 10 мектептің құрылысы басталса, оның екеуінің іргетасы Арал қаласы мен Сексеуіл кентінде қаланады. Ал «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында 2023-2024 жылдары облыста 27 денсаулық сақтау нысаны салынады. Қазір Қызылжар, Бөген ауылдарындағы дәрігерлік амбулаториялардың құрылысы жүргізілуде.

ДЕНЕШЫНЫҚТЫРУ-САУЫҚТЫРУ КЕШЕНІ АШЫЛДЫ

Кеше сондай-ақ Арал ауданында болған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, ҚР Парламенті Сенатының депутаты Ақмарал Әлназарова, Руслан Рүстемов және Мәжіліс депутаты Мұрат Ерғешбаев Қамыстыбас ауылындағы денешынықтыру-сауықтыру кешенінің ашылу рәсіміне қатысты.

Аймақ басшысы ауыл тұрғындарын құттықтап, Сыр өңірінде заманауи үлгідегі спорттық нысандар көптеп салынып отырғанын айтты.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Аса маңызды мәселелердің бірі – ауылды кешенді түрде дамыту. Ауылдарға нақты қолдау көрсетіп, заманауи инфрақұрылымды дамытуымыз керек» деген болатын. Президентіміз бен Үкіметтің Сыр өңірін ерекше қолдауының арқасында аймағымызда ауқымды жобалар жүзеге асуда. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында алдағы 3 жылда 100 мектептен астамын қаржыға 21 мектептің құрылысы жүргізіледі. Оның 4-уі Арал ауданында бой көтермек. Биыл 10 мектептің құрылысы басталса, оның екеуі осы ауданда. Өткен жылы Аманөткел ауылындағы кешен қолданысқа берілсе, жақын күндері Жақсықылыш кентіндегі дәл сондай денешынықтыру-сауықтыру кешенінің игілігін халық көре бастайды, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Іс-шарада тұл ардагері Сейілхан Садақбаев жерлестерін құттықтап, бата берді.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

БРИФИНГ

ЖАҢАҚОРҒАН: КӘСІПКЕРЛІК ЖАНДАНУДА



Жаңақорған ауданының әкімі Мұрат Тілеумбетов айтты.

Жаңақорған ауданында жыл басынан бері 57,4 млрд теңгенің өнеркәсіп өнімдері өндірілсе, өңдеу өнеркәсібінің көлемі 36,7 млрд теңгені құрап отыр. Сондай-ақ негізгі капиталға тартылған инвестиция 17,9 млрд теңгеге жетіп, өткен жылмен салыстырғанда 1,6 есеге артқан. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте

Айнұр БАТТАЛОВА, «Сыр бойы»

Әкімінің айтуынша, жеке инвестициялар бойынша өсім негізінде Шалқия полиметалл кен орынын өнеркәсіптік игеру және кен байыту зауытын салу есебінен, уран өнімін өндіретін «Қазатомөнеркәсіп» мекемелері есебінен, күкірт қышқылын өндіретін «СКЗ-У» ЖШС, «Санатория Жаңақорған» АҚ есебінен ұлғайып отыр. Сонымен қатар, ауданда 38 млрд теңгені құрайтын 10-ға тарта ірі инвестициялық жобалар жүзеге асырылуда. Алдағы уақытта іске қосылатын инвестициялық жобалар есебінен салық түсімдерін 4 млрд теңгеге жеткізу жоспарда бар.

Ауданда ерекше кәсіптен айналысушылар қатары уақыт өткен сайын артпай келеді. Әсіресе, мемлекеттік бағдарламалардың көмегімен қайтарымсыз грант алып, өз ісін дөңгелентіп отырған азаматтар баршылық. Жалпы ауданда шағын және орта кәсіпкерлік саласында 7 мыңнан астам кәсіпкер тіркелген. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 22,5 пайызға артық. Тіпті, бұл саладағы белсенділік көрсеткіші 96,8 пайызды құраған.

Өздерінің білетіндей, Жаңақорған – кез келген кәсіптен айналысуға ыңғайлы ауданның бірі. Осы себепті жыл сайын кәсіпкерлер қатары көбейіп, шығарған өнімдері басқа өңірлерге де жөнелтілуде. Аудан бойынша жыл басынан бері барлық қаржы көздерінен 230 жобаға 1 млрд 599 млн теңгенің қаржылай қолдауы көрсетілді. Мәселен, 2021-2025 жылдары кәсіпкерлікті дамытуға арналған Ұлттық жоба аясында жұмыспен қамту орталығы арқылы 100,6 млн теңгені құрайтын 75 жоба грант жөніп алса, 131-не 1 млрд 200 млн теңгенің несиесі берілді. Сондай-ақ, «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында несие алуға 3 млрд 400 млн теңгені құрайтын 505 жоба іріктелді. Ал бөлшек сауда көлемі 3 млрд 405 млн теңгеге жетті, былтыр есепті кезеңімен салыстырғанда 111,9 пайызды құрады, – деді аудан әкімі.

Жаңақорған ауданы ауылшаруашылық саласы бойынша да өзгелерден басы биік екені байқалады. Салада жалпы өнім көлемі 101,2 пайызды құраса, былтырғы жылы аудан бойынша 37 781 гектарға егін өту мезгіленіп, жоспар толығымен орындалған. Қазіргі кезде 3151 гектар күздік бидай күтімге алынған, 15 439 гектар ескі жонышқа суарылған. 5000 гектар жаңа жонышқа, 194 гектар жаздық бидай, 30 гектар жаздық арпа, 260 гектар тары, 738 гектар жүгері, 2010 гектар мақсары, 46 гектар құнбағыс, 10 гектар қант құмайы, 3296 гектар картоп, көкөніс, бақша дақылдары егілген.

Бекітілген күріш егу және суға бастырудың 5 күндік кестесіне сәйкес, 7607 гектар күріш егілді. Бұған қоса, 3151 гектар күздік бидайдан 17 центнерден, 194 гектар жаздық бидайдан 15 центнерден өнім алынса, 1000 тоннаға жуық бақша дақылдары Ресей мемлекетіне экспортқа шығарылып, қалғаны басқа облыстарға жөнелтілді. Аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекұлының тапсырмасына сәйкес, азық-түлік бағасын тұрақтандыру мақсатында қосымша 295 гектар жер ашылып, 845 отбасы картоп, көкөніс-бақша дақылдарын екті. Жалпы, ауданда 781 шаруашылық құрылымының 485-і егін егуге арналды. Оның ішінде 234 шаруашылық күріш егеді, – деді аудан әкімі.

Биыл ауданда 3 мектеп құрылысы жүріп жатыр. Ал «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында екі білім ошағының құрылысы басталды.

Осы жылы Жаңақорған кентіндегі 600 орындық мектеп, Жаңарықта 300 орындық және Байкентеде 150 орындық білім ыңғайының құрылысы басталған болатын. Ал 2020 жылы іргетасы қаланған Жаңақорған кенті «МАИ Бекетіндегі» мектептің құрылысын толық аяқтауға 348 млн теңге бөлінді. Қазір бұл білім ошақтарының құрылысы қарқынды жүргізілуде. Бұдан бөлек, ауданда медицина саласына да көп көңіл бөлініп, халықтың денсаулығын жақсарту мақсатында бірнеше жоба қолға алынды. Атап айтқанда, биыл Ұлттық қордан 292,4 млн теңге бөлініп, Қаратөбе ауылында дәрігерлік амбулаторияның құрылысы жүргізілуде. Сонымен қатар, Төменарық ауылында дәрігерлік амбулаториямен қатар 15 төсек-орынға арналған аурухана салуға арнайы жоба қарастырылды. Жоба құны – 966 млн теңге. Бұл жұмыстардың барлығы жүйелі түрде бақыланатын болады, – деді аудан әкімі.

Ал аудан орталығындағы электр желілерін жаңғыртуға «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында республикалық бюджеттен былтыр 899 млн теңге, биыл 1 млрд 600 млн теңге бөлініп, бүгінде тиісті жұмыстар жүргізілуде. Аудан әкімінің айтуынша, былтыр облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес демеушілерді тарта отырып, 9 елді мекеннің электр желісін жаңғыртуға жұба жасалып, сараптамадан өткен. Жобалардың жалпы құны 2 млрд 300 млн теңгені құрайды. Аталған жобаны бастауға биыл республикалық, облыстық бюджеттерден 503 млн теңге қаржы бөлінген. Сонымен қатар жыл басынан демеушілер есебінен тағы да 10 елді мекеннің электр жүйелерін жаңғыртуға жоба жасап, келер жылдың бюджетінен қаржы бөлінуі үшін салалық министрлікке бюджеттік өтінім тапсырылған. Жобалардың жалпы құны – 3 млрд 300 млн теңге.

Аудан әкімі сондай-ақ, тұрғындарға шаққандағы газдандыру үлесі 38,8 пайызды құрағанын, биыл сәуір айында Бірлік, Қыраш елді мекендеріндегі газ пайдалануға берілгенін айтты.

Жалпы биыл бюджеттерден 5 елді мекенді газдандыруға 2 млрд 900 млн теңге қаржы бөлініп отыр. Бұған қоса, Төменарық, Шалқия, Құттықожа, Жайылма, Кейден ауылдарын газдандыру жұмыстары жүргізілуде. Төменарық елді мекеніне жоғары қысымды таратылатын газ құбырын салу жобасы басталғанын көріп, ендігі кезекте сол аумақта орналасқан тағы 5 елді мекенді газдандыруға демеушілер есебінен жоба-сметалық құжаттары жасалынууда. Аталған жобалар толық іске асыруға 13 елді мекен немесе 53 мыңға жуық тұрғын табиғи газдың игілігін көретін болады, – деді Мұрат Жолкелдіұлы.

«СБ» ақпарат

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – ТӘУЕЛСІЗДІК СИМВОЛЫ

Кеше «Достық үйінде» «Мемлекеттік тіл – Тәуелсіздік символы» атауымен облыстық байқау өткізілді. Оны облыстық қоғамдық даму басқармасы мен «Қармақшы жастары» қоғамдық бірлестігі ұйымдастырды. Қазақтың ұлы ақыны Абайдың 178 жылдығына арналған шара барысында этнос өкілдері сайысқа түсті.

Байқауға Қызылорда қаласы мен аудандардан мемлекеттік тілді жетік меңгерген этнос өкілдері қатысты. Бұл шара мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту, этносаралық қарым-қатынас тілі ретіндегі рөлін күшейту және оны меңгерген белсенді азаматтарды ынталандыру мақсатында ұйымдастырылды.

Облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Алмасбек Есмаханов байқауға қатысушыларға сөз тіледі.

– Қазір елімізде түрлі этностар тұрады. Сыр өңірінде де жергілікті ұлт өкілдерімен бірге бірлігі жарасқан, тату-тәтті өмір сүріп жатқан этнос өкілдері бар. Олардың арасында мемлекеттік тілді жетік меңгеріп, оны дамыту жолында зор үлес қосып жүрген азаматтар аз емес. Бұл мақсатта тиісті іс-шаралар атқарылып келеді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бйлығы Қазақстан

халықтары Ассамблеясында атап өткеніндей, елімізде тұратын барлық азаматтың мемлекеттік тілді меңгеруі стратегиялық саясатымыздың басты бағытының бірі болып қала береді. Түптеп келгенде, бірнеше тілді білу әрбір адамның дүниетанымын кеңейте

түседі. Сыр өңірінде мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту бағытында тиісті жұмыстар атқарылды. Атап айтқанда, қазақ тілін білетін этнос өкілдерін насихаттауға көңіл бөліп келеміз, – деді басқарма басшысы. Байқауға қатысушылар төрт

кезең бойынша сынға түсті. Алдымен «Жұлдызды сәт» кезеңінде өнерін көрсете отырып, өзін таныстырып өтті. Ал «Сөздің көркі» кезеңінде Отан, елге қызмет тақырыптарында мақал-мәтел айтудан баске түсті. Сондай-ақ, «Ой ұшыны» кезеңінде үміткер Отан, туған жер, салт-дәстүр, белгілі тұлғалар жөнінде ой толғауға мүмкіндік алды. Байқаудың төртінші сатысында қатысушылар бес сұраққа жылдам жауап беріп, өзінің ой-танымын көрсете білді.

Олардың қабілет деңгейін Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Аман Абасилов бастаған қазылар алқасы бағалады.

Байқау қорытындысы бойынша бірінші орынға қызылордалық Елена Пак лайық деп танылды. Екінші орынға Жалағаш ауданынан келген Розанна Шапилова ие болса, үшінші орынға Вероника Русланова түйіндеді.

Облыстық байқаудың жеңімпазы 25 тамызда Петропавл қаласында өтетін республикалық байқауға жолдама алды.





МЕРЕЙ

Жаны жайсаң жақсы адам

Жалағаштың ырғатыла тербелген дөңді алқабы, көгілдір мөлдір аспаны, алыстан күмістей жарқырай көрінген Шынар көлінің өсем табиғаты, жарыса көкке өрлеген Сырдың сұлу сөмбі талы, жұпар шашқан жидесі, «Тобыр» төбенің сарықұмы сол кездегі сөзімтал жас Келдібай Бектурғанұлының өмірлік бағытын айқындап бермегеніміз кім кепіл? Өйткені біз сыр ағытқалы отырған Келдекеңнің болмысы ақынжанды адам. Табиғат пен тіршілік атаулыны жанындай сүйеді. Демек, бала қиял, сәби жүрек сонда-ақ сергіген, сезінген.



2002 жылы Қызылорда қаласы әкімшілігіне қарасты Коммуналдық шаруашылық бөлімінде – көркейту-қоғалдан-дыру, суландыру саласында бас маман және сол сала бойынша қала әкімінің кеңесшісі қызметтерін атқарып, 2011 жылы зейнетке шығады. Осы көркейту-қоғалдандыру және суландыру бас маман қызметінде жүргенде қаланың бас көшелері – Абай, Жібек жолы, Бейбарыс сұлтан, Бөкейхан, Астана, Қожахмет Яссауи, Президент паркін қоғалдан-дыру-суландыруда, гүлзарлар мен көше ағаштарын сумен қамтамасыз етуге тынбай жұмыс жасайды. Ондағы мақсаты – қаланың көпшілік көп жүретін көшелерін абаттандырып қала тұрғындары үшін барынша жағдай жасау еді.

ағаштарын жерсіндіру жайлы айтқан ұсыныстары кең қолдау таба білді. Бұл ұсыныстарды Келдібай ағамыз билікке айтып тұрып, өз есігінің алдындағы бақшалық жерге жеміс ағаштарының түр-түрін өсіріп, олардан өнім алуға болатындығын дәлелдеді. Оның айғағындай, 1997 жылы облыс әкімі Бердібек Сапарбаев облыс бойынша «Берекелі бағбан» атты номинацияны өз қолымен тапсырды. Келдібай ағамыздың есік алдындағы жеміс ағаштарын көрген адам таңғалмай тұра алмайды. Шағын аулада тіпті шет-елде өсетін жеміс ағаштарының түрлері бар.

Үйдің жеңгеміз Құлзира Сейдахметқызы екеуі 2 қыз, 2 ұл тәрбиелеп өсіріп, олардан бірнеше немере сүйіп, өнегелі, үлгілі отбасыға айналған үлкен әулет. Қызылорда қалалық коммуналдық шаруашылық саласының бастаушы ардагерлер ұйымының төрағасы, облыстық ардагерлер кеңесінің жастар мен жұмыс жасау, мәдени-көпшілік, спорт жөніндегі тұрақты комиссия төрағасы. Аймағымыздағы қасиетті, киелі орындарды таныстырушы және насихаттаушы қызметі тағы бар. Жуырда қала бойынша өткен «Мерейлі отбасы» байқауына қатысып, «Өнерлі отбасы» номинациясын жеңіп алды. Өмір басталғанды қарапайым көлік жүргізушіден бастап, бұқараның қажетін қанағаттандыруға белсене араласа білуі, бүгінгі жастарға үлгі-өнеге болса керек.

Өмірбек ШӘМЕНОВ, облыстық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары

Келдібай ағамыз сонау 1943 жылдың 15 тамызында Жалағаш ауданындағы Ақсу елді мекенінде дүниеге келді. Жан беріп, жан алған сұрапыл соғыстың қызған тұсы. Ол кездегі ауылда еңбектеген ба- ладан еңкейген қарияға дейін бел шешіп демін алуға мұршасы болмады. Жарық дүниенің есігін енді ашқан сәби көңілдің бұдан еш хабары жоқ еді. Әкесі Бектурған мен анасы Мамыш жалғыз шақалағын бауырына басып жүріп, сол тынымсыз еңбектен қолдарын үзбей, Ұлы Жеңіске жетуге маңдай терле- рін төкті. Ел жүгін ауылдастары- мен бірдей көтерді.

№1 автокомбинатта жүргізуші болып алғашқы еңбек жолын бастайды. 1963-1966 жыл аралығында ел алдындағы әскери борышын өтеуге барды. Ар- маншыл жігіт әскерден келісі- мен 1966 жылы Челябинск қаласының құрылыс технику- мына оқуға түсіп, оны ойдағы- дай тәмамдайды. Құрылыс саласында еңбек ете жүріп 1968 жылы Қызылордадағы Н.Гоголь атындағы педагогикалық ин- ституттың «Жаратылыстану» факультетіне түсіп, оны 1973 жылы бітіреді.

Жоғары білім алысымен Қазақ күршіс ғылыми-зерттеу институты директорының шаруашылық жөніндегі орын- басары, 1976 жылы Республи- қалық «Союзгипрорис» жоба- лау институтының Қызылорда бөлімшесінде жобалау инженері қызметтерін атқарады. Осы- дан соң ауылшаруашылық құрылыс тресіне қарасты №3 жылжымалы мехколхознада бақылаушы-инспектор, облыс- тық ауылшаруашылық басқар- масына қарасты қосалқы шар- уашылықтың директоры секілді лауазымды қызметтер атқарып, еңбектегі осы жолы басталады.

Ұлы Отан соғысынан соң 1945 жылы Қызылорда облы- сында егін шаруашылығын да- мыту мәселесі қолға алынып, Тасбөгет қыстағында «Су тоста- рабын салу» жұмысы жыл- дан қолға алынды. Сол кезде әкесі Бектурған Артықов отба- сымен қажетті маман ретінде Тасбөгет қыстағына көшіп ке- леді. Сөйтіп, бала Келдібай Тасбөгеттегі №11 орта мектеп- ке барып, оны 1961 жылы біті- реді. Мектепті бітірісімен өке- сіне қолғабыс тигізіп, қаладағы

БАЙҚАУ

Үздік баспасөз хатшы анықталды

Сейсенбіде «Қызылорда облысының үздік баспасөз хатшысы – 2023» байқауының жеңімпазы анықталып, марапаттау рәсімі өтті.

Еске салсақ, 21 шілдеден бастап қоғаммен байланыс мамандарының облыстық байқауына қатысуға өтінімдер қабылданды. Байқау жеңімпаздары 31 шілдеден 7 тамызға дейін Қазақстанның «NewsHub.kz» ақпараттық хабының сайтында дауыс беру арқылы анық- талды. Дауыс беруге бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

кәсібилікті насихаттау. Сондай- ақ PR мамандарын кәсіби тә- жірибе алмасу алаңымен қамтамасыз ету және PR маман- дарына өз жұмысының сарап- тамалық бағасын алу мүмкін- дігін беру – байқаудың басты мақсаты. – «NewsHub.kz» – бұл ұйым- дардың баспасөз қызмет- терінің бұқаралық ақпарат құралдарымен тиімді өзара қ- қимыл жасауына арналған интернет-алаң. Ақпараттық хаб

ұйымдарға баспасөз хатшыла- рының виртуалды кабинеттерін ашуға мүмкіндік береді, мұнда олар баспасөз хабарламаларын, жаңалықтар материалдарын және тіркелген журналистерге қолжетімді болатын басқа да ақпаратты жариялап, журна- листтер жеке кабинеттерін аша алады. Аталған жобаның ар- қасында кез келген аймақтық БАҚ жетекші республикалық басылымдармен бір уақытта ақ- парат алады. Байқаудың мәні осы жүйелі жұмысты насихат- тау десек те болады, – деді Қазақстанның «NewsHub.kz» ақ- параттық хабының бас директо- ры Ерлан Рамазанов.

ауданы әкімінің баспасөз хат- шысы Рамазан Әнәпия «Үздік баспасөз хатшысы» атанды. Жеңімпаз қаржылай сыйлықпен және дипломмен марапаттал- ды. Е.Рамазанов жүлдені табыс- тап, барлық қатысушыларға алғыс білдірді. – Бүгінгі таңда баспасөз хатшысы мамандығы үлкен сұранысқа ие және оның ауқ- ымы кен. Бұл маман өзінің жұмыс берушісі және бұқара- лық ақпарат құралдары мен қоғам алдындағы алтын көпір болады. Баспасөз хатшысы журналистермен байланысқа, баспасөз конференцияларын ұйымдастыруға, пресс-релиз- дер жасауға, ресми ақпарат-

тарды жариялауға және тағы басқаларға жауапты. Кезге көр- беңбейтін жұмыстары да же- терлік. Осыны еңбектегі ескерген ұйымдастырушылар алғысмен шексіз, – дейді жеңімпаз Рама- зан Бектурғанұлы.

Байқау қорытындысы бо- йынша ең көп Р.Әнәпия 61, II орын Н.Серәлі 50 ұпай жинады.

Айта кетейік, осындай бай- қау Жетісу, Маңғыстау, Түр- кістан және Алматы облыста- рында өтті. Алдағы уақытта республикалық маңызы бар қалаларда да ұйымдастырады.

«СБ» ақпарат

ЖОБА

«Қызылорда облысында ортақ су пайдаланудың қағидаларын бекіту туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2019 жылғы 17 шілдедегі №334 шешіміне өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы»

«Қызылорда облыстық мәслихаты ШЕШТІ: 1. Қызылорда облыстық мәслихатының «Қызылорда облысында ортақ су пайдаланудың қағидаларын бекіту туралы» 2019 жылғы 17 шілдедегі №334 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізбегінде 6851 тіркелген, облыстық «Сыр бойы», «Қызылординские вести» газеттерінде 2019 жылғы 25 шілдеде және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерін Етalonдық бақылау банкінде 2019 жылғы 30 шілдеде жарияланған) мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін: көрсетілген шешіммен бекітілген Қызылорда облысында ортақ су пайдалану Қағидаларында: 1) тармақ мынадай редакцияда жазылсын: «11. Азаматтардың өмірі мен денсаулығын сақтау мақсатында Қызылорда облыстық мәслихаты өңірдің жағдайларының ерекшеліктерін ескере отырып, ортақ су пайдалану ережелерінде облыс аумағында орналасқан су объектілерінде шомылу, ауызсу және тұрмыстық қажеттіліктерге су алу, мал суару, шағын кеме-лерде және басқа да жүзу құралдарына жүзу жүзеге асырылмайтын жерлерді айқындайды.»; келесі мазмұндағы 11-1, 11-2 тармақтармен толықтырылсын: «11-1. Азаматтардың өмірі мен денсаулығын сақтау мақсатында Қызылорда облысы аумағында орналасқан су объектілерінде шомылуға тыйым салынған жерлер осы шешімнің қосым- шасында айқындалған.»; «11-2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 19 қаңтардағы №34 «Су айдындарындағы қауіпсіздік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының (Нормативтік құқық- тық актілерді мемлекеттік тіркеу тіз- бегінде №10335 болып тіркелген) талаптарына сәйкес су айдындарының қауіпті және демалу мен шомылу үшін жабдықталмаған уәкескерінде жер- гілікті атқарушы органдар су айдында- рында тыйым салатын және ескертегін қауіпсіздік белгілерін орнатады.»; Қызылорда облысы аумағында орна- ласқан су айдындарының қауіпті және демалу мен шомылу үшін белгіленбеген және жабдықталмаған уәкескерінде шомылуға тыйым салынады.»; Қызылорда облысында ортақ су

пайдалану қағидалары осы шешімнің қосымшасына сәйкес қосымшаман то- лықтырылсын. 2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі. Лауазымы Аты-жөні Қызылорда облыстық мәслихатының 2023 жылғы «__» _____№__ шешіміне қосымша Қызылорда облыстық мәслихатының 2019 жылғы «17» шілдедегі №334 шешімімен бекітілген ортақ су пайдалану Қағидаларына қосымша Қызылорда облысында орналасқан су объектілерінде шомылуға тыйым салынған жерлер

9) ұзындығы 3000 метр, ені 200 метрді құрайтын Президент паркі тұсында Қызылорда су торабына дейінгі «Са- балақ» саяжайы аумағындағы су жолда- ры; 10) ұзындығы 900 метр, ені 200 метрді құрайтын Сырдария өзенінің өкпе ауру- лар ауруханасы тұсындағы жағалауына «Рисмаш» мөлтек ауданының тұсына дейін; 11) ұзындығы 4000 метр, ені 150 метрді құрайтын Сырдария өзенінің Тасбөгет кенті жанынан Әзербайжан көпірі су тазалау стансасы (водозабор) тұсы; 12) ұзындығы 20000 метр, ені 30 метрді құрайтын Қызылорда су торабы мен «Наурыз» мөлтек ауданы аралығын- дағы Сол жаға магистралды каналы; 13) ұзындығы 20000 метр, ені 20 метрді құрайтын Тасбөгет кенті мен Қарауылтөбе ауылдық округі аралығын қамтитын Он жаға магистралды каналы; 14) ұзындығы 1000 метр, ені 150 метрді құрайтын «ПМК-29» саяжайының тұсындағы Қалғандария су бөлігі; 15) ұзындығы 9000 метр, ені 100 метрді құрайтын «ПМК-66» саяжайынан бастап, «Тепловик» саяжай кооперативі тұсына дейінгі Жаңадария каналы; 16) ұзындығы 5000 метр, ені 15 метрді құрайтын Байқалдам су торабы- нан Қарауылтөбе, Досан, Талсуат ауыл- дарын суару каналдары; 17) ұзындығы 15000 метр, ені 15 метрді құрайтын Белкөл мөлтек аудан- ындағы көне көпір тұсы мен Абай ауы- лы тұсындағы көпір аралығындағы су- ру каналы; 18) ұзындығы 900 метр, ені 100 метрді құрайтын Сасықкөл (Жетікөл елді мекені) су нысаны. Арал ауданы бойынша: 19) Сырдария өзенінің бойындағы Қалқылжар елді мекеніне қатынайтын қалқымалы көпірдің екі беті, көпір ұзындығы 400 метр, ені 70 метр; 20) Сырдария өзенінің Аманөткел елді мекенінің тұсындағы ұзындығы 1500 метр, ені 100 метр аралығы; 21) Сырдария өзенінің бойындағы Хан елді мекенінің жанындағы қалқы- малы көпірдің екі беті, көпір ұзындығы 400 метр, ені 70 метр; Хан елді мекені тұсына дейін аралығы 1000 метр; 22) Сырдария өзенінің «Ақлак» су то- рабына дейінгі 500 метр, су торабынан кейінгі 500 метр аралығы; 23) «Көкарал» су тоспасының екі жақ

бетінен бөгет бойымен 1000 метр, ал су тоспадан төмен жоғары су деңгейін өлшеу орнынан төменгі су деңгейін өлшеу орнына дейін 500 метр аралығы; 24) «Қамыстыбақ» көлінің Қосжар елді мекеніндегі балық питомнигінің тоғандары су айлау наастарының екі бетінен 500 метр аралығы; 25) «Қамыстыбақ» көлінің «Кәрібө- гет» көпірінің екі бетінен 100 метр, ұзындығы 200 метр, ені 40 метр көпір аралығы; 26) Сырдария өзенінің Аққұлақ елді мекені тұсындағы ұзындығы 1000 метр, ені 50 метр аралығы. Қазалы ауданы бойынша: 27) ұзындығы 800 метр, ені 150 метрді құрайтын Сырдария өзенінің Басықара су торабының жоғары су деңгейін өлшеу орнынан төменгі су деңгейін өлшеу ор- нына дейінгі аралығы; 28) ұзындығы 300 метр, ені 30 метр Қазалы қаласымен Ақтан батыр тас жолының бойындағы Қазалы су торабы- сінң су айдағыш қондырғыларына дейін 100 метр, су айдағыш қондырғыларынан кейін 200 метр аралығы; 29) ұзындығы 1500 метр, ені 150 метр Сырдария өзенінің Шағала лагерінің тұсындағы Абай қалқымалы көпірінен кейін 500 метр аралығы; 30) ұзындығы 3000 метр, ені 150 метр Сырдария өзенінің Қарлан елді мекенінің тұсындағы Бірік ауылының тұсына дейінгі аралығы; 31) ұзындығы 1500 метр, ені 150 метр Сырдария өзенінің Досқали уәкескесінің тұсындағы Әсейіт қалқымалы көпірінен кейін 1000 метр аралығы; 32) ұзындығы 600 метр, ені 50 метр Қазалы каналы 15 бекеттен бастап, 15 бекеттен кейін 600 метр аралығында; 33) ұзындығы 1500 метр, ені 200 метр Сырдария өзенінің Байқожа ауылының тұсындағы Ақсуат ауылына дейінгі аралы- ғы; 34) ұзындығы 1500 метр, ені 200 метр Сырдария өзенінің Ақсуат ауылынан Майлыбақ теміржол стансасына дейінгі аралығы; 35) ұзындығы 3000 метр, ені 30 метр Қазалы ауданы, Бекарыстан би ауылындағы Қараарық каналының, Бекарыстан би ауылынан кейін паспорт бойынша 300 метрге дейін. Қармақшы ауданы бойынша: 36) Жосалы кентінен өтетін Сырда- рия өзенінің ұзындығы 4000 метр ені

160 метрді құрайтын Қорқыт ата көшесі тұсындағы Шымкент-Самара автокөлік көпірінің тұсына дейін (Жосалы кентінен 100 метр қашықтықта); 37) ұзындығы 1000 метр, ені 130 метр құрайтын Сырдария өзенімен Қараөзек өзенінің қиялыстың жері Қорқыт ата көшесінен аяқталады (Жосалы кентінен 100 метр қашықтықта); 38) Шымкент-Самара автокөлік көпірі- нің ұзындығы 270 метр, ені 180 метр, (Жосалы кентінен 300 метр қашықтықта) Шымкент-Самара автокөлік көпірінің бағысынан 130 метр шығысынан 135 метр аралығында; 39) Сырдария өзенінің сол жағасын- дағы балалар лагерінің ұзындығы 1450 метр, ені 90 метр (Жосалы кентінен 150 метр қашықтықта); 40) Қармақшы ауылдық округінен 7 шақырым қашықтықта Сырдария өзе- ні ұзындығы 80 метр 10 шақырым қашықтықта орналасқан Қараөзек өзені ені 46) метр; 41) Жаңажол елді мекенінен 700 метр қашықтықта Сырдария өзені ұзындығы 3950 метр ені 150 метр; 42) Қорқыт Ата станциясы, ұзын- дығы 1360 метр, ені 160 метр (Қорқыт ата станциясынан 100 метр қашықтықта). Жалағаш ауданы бойынша: 43) Жалағаш кентінен 3 шақырым жерде, ұзындығы 2500 метр, ені 80 метрді құрайтын Сырдария көпірі (Жалағаш- Бұқарбай батыр тас жолының бойында); 44) Жалағаш ауданынан 20 шақырым жерде орналасқан ұзындығы 1500 метр, ені 20 метрді құрайтын Қараөзек кана- лы; 45) Жалағаш кенті орталығынан 10 шақырым Ақсу ауылдық округінің кіре берісіндегі ұзындығы 1500 метр, ені 20 метрді құрайтын Ақсу каналы; 46) Жалағаш кентінің батысында орналасқан ұзындығы 2500 метр, ені 10 метрді құрайтын Сасықкөз каналы; 47) Сырдария өзенінің он жақ жағалауында орналасқан ұзындығы 1500 метр, ені 200 метр болатын Домалақкөл көлі; 48) Жалағаш кентінен 5 шақырым жерде, Жалағаш-Қызылорда ішкі тас жолының бойында, ұзындығы 800 метр, ені 15 метрді құрайтын Оң жақ магис- тралды каналы. Сырдария ауданы бойынша: 49) Сырдария өзеніндегі көпір ұзын- дығы 1 шақырым, дария ені 100 метр Ұз-

топ уәкескесінің және Тереңөзек кентінің тұсы; 50) Қараөзек каналының ұзындығы 60 шақырым, ені 50 метр; Сырдария және Жалағаш аудандарының аралығы; 51) Қалғандария каналының ұзындығы 500 метр, ені 200 метр; Тереңөзек кенті Жалын сауықтыру лагерінің тұсы; 52) Сол жақ магистралды каналының ұзындығы 500 метр, ені 50 метр; Сырда- рия ауданы, Шаған ауылының кіре беріс көпірінің тұсы; 53) Әйтек каналының ұзындығы 1 шақырым, ені 25 метр Сырдария ауданының Тереңөзек кентінің тұсы; Шиеді ауданы бойынша: 54) Байдақөл ауылдық округінің сыртында орналасқан Р-7 каналы, қауіпті деп танылатын аймақтың ені 45 метр, ұзындығы 3700 метр; 55) Байтеқұм ауылдық округінде орналасқан Ханжожа көлі ұзындығы 5 шақырым, ені 450 метр; 56) «Тұран ауылдық округіне «Ге- жұба Шіелі Цемент Компаниясы» ЖШС-і жағынан кіре беріс жеріндегі көпір аумағы Р-12 каналы, ені 35 метр, ұзындығы 4200 метр; 57) Керделі ауылдық округінің Батыс Еуропа-Батыс Қытай тас жолына жалғайтын тас жолының бойындағы көпір аумағы Р-12-1 каналы, ені 35 метр, ұзындығы 1700 метр. Жаңақорған ауданы бойынша: 58) Сырдария өзенінің ұзындығы 1000 метр, ені 100 метр Сырдария өзе- нінің Жаңақорған кенті тұсындағы ескі пантон тұсы; 59) «Проток левый» каналының ұзын- дығы 5 шақырым, ені 6 метр Жаңақорған кентінің ішінен өтеді. Өлімкөл көлінен бастап Жәші көліне дейін; 60) «Тайпақкөл» каналының ұзын- дығы 3 шақырым, ені 5 метр Жаңақорған кентінің ішінен өтеді; 61) Сунатақа каналының ұзындығы 3 шақырым ені 10 метр Томенарық ауылының күн батыс жақ бөлігімен өтеді; 62) Жаңақорған ауданы ішінен өтетін Келінтөбе магистралды каналының барлық аумағы ұзындығы 12 шақырым, ені 10 метр (Қандөз, Қаратөбе, Келінтөбе, Аққорған, Қожакент, Өзгерт ауыл- дық округтерінің тұсы); 63) «Р-22» каналы Жаңарық каналы- ның ұзындығы 0,5 шақырым, ені 4 метр Жаңарық ауылының ішінен өтеді.

KMF Qoldau logo and QR code. Text: Бизнесіңізді дамытуға арналған 1 000 000 теңгенің ұтыс ойынына қатысыңыз. Миллион қолға. QR code with number 7474 kmf.kz.

KMF клиенттері арасында миллион ойнатады

KMF шағын және орта биз- несті қолдап, дамыту мақ- сатында KMF-Qoldau атты науқанды бастады, оның шең- берінде ақшалай жүлделер ойнатылады. Науқанға қаты- су үшін бизнесті дамыту мақ- сатында 1 млн теңгеден жо- ғары сомаға микрокредит рәсімдеу қажет. Науқан 7-қа- занға дейін жалғасады. Жеңімпаздар кездейсоқ түскен сандар генераторының көмегімен Instagram-дағы @kmf.kz парақшасында ті- келей эфирде анықталады. Науқанда жеңіске жеткен кли- енттерге миллион теңгенің сертификаты табыс етіледі, олар оны KMF-тің кез-кел- ген бөлімшесінде қолма-қол ақшаға ауыстыра алады, бұл жұлде көсіп үшін таптырмас көмек болмақ! «Біздің компания көп жылдан бері бизнеспен жұмыс істейді. Біз клиенттерімізді бонустарымызбен, науқанды бонустарымызбен және сыйлық- рымызбен үнемі қуанттымыз. KMF-Qoldau – сіздерге ауыл- дық жердегі кәсіпкерлер үшін тамаша қолдау болмақ. Се- бебі біз бұл науқанды биз- нестің нағыз қызған ша- ғында, яғни егін алатын

Микроқаржылық қызметті жүзеге асыру құқығын беретін КНРДА-ның 26.02.2021 жылғы №02.21.0003.М лицензиясы

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru



БҮГІН – АБАЙ КҮНІ

Авторы белгісіз картина

Сіз білесіз бе, Қызылорда қаласындағы С.Айтбаев атындағы көркемсурет галереясында ұлы Абайдың ерекше бір портреті бар. Абай Құнанбайұлының портреті бейнеленген бұл туынды облыстық тарихи-өлкетану музейінің қорына осыдан 46 жыл бұрын Алматы қаласындағы Шевченко атындағы көркемсурет галереясынан келген екен.

Әйтсе де, авторы белгісіз. Галерея меңгерушісі Кенжегүл Ахметованың айтуынша, портрет кенепке майлы бояумен салынған. Картинаның өлшемі – 60x73 см. Портретке байыптап қарасаңыз, Абай жүзінде ақынға тән тартымдылық, ұшқыр да терең ой, сыншыл көзқарас бар. Ақын-сыншы мен тұлғаны құрайтын зердесі мен парасаттылық ерекшеліктері ашылып, портреттік ұқсастығы мен психологиясының тереңдігі тамаша

беріліп, талғампаз бояулары Абай образын толықтай аша алған. Картина колориті терең мағыналық түстерге толы. Шығарма фоны ақын заманының, оның қараңғылық және надандықпен ымырасыз күресін меңзейтін қарама-қарсы түстер мен жарық, көлеңке арқылы беріле, ақын түстерге мол талғаммен киінген ақын келбеті қараңғылық бетінде жарқырай түседі.

«СБ» ақпарат



Монументті салада Абай образын сомдау өткен ғасырдың 50-жылдарында бастау алды. Ақын ескерткіштерін жасау жобасына арнайы конкурс жарияланды. Х.Е.Наурызбаев сомдаған еліміздің мәдениеті тарихында айшықты орын алған мүсін 1960 жылы Алматы қаласында ашылған Абай Құнанбайұлы арналған ескерткіш болатын. Ескерткіш қаладан күйіліп, тұғыры қызыл граниттен қаланған. Сәтті сомдалған Ұлы Абай бейнесі қала сәулетімен үндесіп, ақынның шыққан биігін символдық тұрғыдан асқақтата бейнелей алған.

Биболат СӘТЖАН, «Сыр бойы»

Әлемдегі Абай ескерткіштері

Абай ескерткіші – Семей қаласының да көрікті жерлерінің бірі. 1972 жылы мұнда Абай алаңында Абай ескерткіші ашылды. Бүгінде ақын тұлғасы Қазақстанда ғана емес, әлемнің көптеген елдерінде монументальды скульптура тарихында айрықша орын алатын өнер туындыларына айналған. Айталық, ақынның 160 жылдық мерейтойында Ресей астанасы Мәскеудің «Чистые пруды» бульварында Қазақстан елшілігі маңайында ұлы ақынның тұлғасын сомдаған ескерткіш ашылды. Ескерткіштің екі жағына Тянь – Шань бөктерінен жеті қарағай орналасқан. Орындаған авторлық ұжым: мүсінші М.Айнеков, дизайнер Т.Сулейменов, суретші Э.Дробицкий, сәулетші В.Романенко.

2010 жылы Астанадағы Абай және Бейбітшілік көшелерінің қиылысында орналасқан Туризм және спорт министрлігінің алдында хакім Абайдың айшықты ескерткіші бой көтерді. Жаңа ескерткіш стилобаттан, тұғыр мен мүсіннен тұрады. Оның жалпы биіктігі 14 метрден асады. Жоба авторы – алматылық мүсінші Болат Досжанов.

2011 жылы Әзербайжанның Баку қаласында Баку мемлекеттік университетінде ақын Абай Құнанбайұлы атындағы орталық ашылып, сол жерге ұлы ойшылдың бюсті қойылды. Орталық мамандары ұлы ақынның шығармашылығын қазақ тілінен тікелей әзербайжан тіліне аударумен айналысады.

2013 жылы Ташкент қаласында ҚР ел-

шілігінің жаңа ғимараты алдына Абайға арналған ескерткіш орнатылды. Ақын бейнесі арқылы бүкіл қазақ халқының дархан көңілі мен ұлы ойшылдың дана тұлғасы сомдаған ескерткіштің авторлары – белгілі қазақ мүсіншісі Нұрлан Далбай және сәулетші Рәсул Сатыбалдиев. Ескерткіш орнатылған Ташкенттегі Шайхантахур ауданындағы басты көшелердің бірі де Абай атамыздың есімімен аталады.

2014 жылы Қытайдың Бейжің қаласында «Цзинтай» көркем музейінде Абай Құнанбайұлының ескерткіші қойылған. Мүсінші Юань Сикунь. 2016 жылы Францияның Ренн қаласында қазақ ақынына бюст орнатылған. Абай Құнанбайұлының қола мүсіні Францияның Ренн қаласының Алматы бағында орнатылды. Алматы мен Ренн қаласы осыдан 25 жыл бұрын туыстас қала атанған. Ұлы хакімге орнатылған ескерткіш екі ел арасындағы достықты нығайтудағы маңызды кезең болып табылады.

2016 жылы Мысырдың Каир қаласында Абайдың бюсті орталық саябақтарының бірінде орнатылған. Мысыр астанасында Абайға ескерткіш қою – мегаполитің маңызды оқиғасы екенін және қазақ пен мысыр халықтарының рухани өрі мәдени жақындағанын көрсетеді. Бюстке қаражатты мысырлық меценат Хусейн әл-Шафиғи шығарған. Ал мүсін авторы мысырдың танымал мүсіншісі Усама әл-Серуи. Ашылу салтанатында Абайдың қара сөздері мен өлеңдері араб тіліне тәржімаланған кітаптар таратылған.

Бұл – Абай көшесі



Қызылорда қаласында жалпы 765 көше бар. Соның ішінде облыстық орталығы мен қалаға қарасты ауылдық округтерде 11 көше қазақтың бас ақыны Абай атымен аталады.

Ал аймақ бойынша 4 мектеп, 3 ауыл, 86 көше А.Құнанбайұлының құрметіне қойылған. Сәрсенбінің сәтті күні Абай көшесіне бардық. Абай даңғылы – қала орталығындағы ең үлкен көшенің бірі. Көшелі елдің келешегін көшесіне қарап тауна болады емес пе.

Жарқыраған жол жанымызға шуақ бергендей. Бұрынғы Коммунистік көшесі қала әкімінің 1992 жылғы 15 мамырдағы №34 шешімімен Абай Құнанбай даңғылы деп аталған.

Мұнда «Достық үйі», Ы.Жақаев атындағы

қазақ күрші шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты, облыстық денсаулық сақтау мекемесі, «Петро Қазақстан» мұнай компаниясы спорт кешені, С.Б.Сәдуақасов атындағы Қызылорда құрылыс және бизнес колледжі, «Стандарт» ЖШС көркем-дизайн орталығы, «Сибу Гежуба» мұнай компаниясы кеңсесі, «Kaspi Bank» филиалы ғимараты, «Қызылорда» сауда үйі бәрі-бәрі жіпке тізген моншақтай осы көшеде орналасқан. Барлығы шаһар шыр айына әр беріп, сәулетіне сан қосқандай.

Абай көшесі еліміздің барлық өңірінде, қала, аудан орталықтарында бар. Ал біз Қызылорда қаласындағы Абай көшесі бойымен жүріп келеміз. Алдымызда жас шамасы 50-55-тердегі әйел кісі келеді. Тоқтатып, сәлемдесіп, пікірін сұрадық. Есімі – Сауле Нұржігітова.

– Абайды дөріптеген елдің еңсесі биік болады. Ұлы ақынның ұрпақ тәрбиесіндегі әр сөзі ұранға айналарлық. Қазақтың бітім-болмысы Абаймен тығыз байланысты. Ол кісі бар саналы ғұмырын қазақ болашағына арнады. Осы көшеден өткен әр адам жадында ақын аты жаңғырып тұратын болады, – дейді ол.

Иә, кімнен сұрасан да Абай жайлы тебіреніспен айтады. Мүмкін асқақ ақынның рухы шығар.

«СБ» ақпарат

АБАЙ МҰРАСЫН НАСИХАТТАУ ТОЛАСТАМАУЫ ТИІС

1991 жылы С.Киров атындағы ҚазМУ-дың шығыстану факультетін қазақ тілі мен әдебиеті және араб тілінің оқытушысы мамандығы бойынша бітірген соң біраз ойланып жүріп, ақырында ғылым жолына түсуге бел байладым. Сонан 1998 жылы ҚР БҒМ Ғылым комитеті М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының «Қолжазба және тектология» бөліміне кіші ғылыми қызметкер болып қабылдандым. Осында жұмыс істеп жүріп, алғаш Абайдың әдеби хатшысы Мүрсейіт Бікеұлы көшірген 1910 жылғы қолжазба жинағы қолыма түсті. Сол кезден бастап Абай өлеңдері мен қара сөздерінің тектологиясына қызығушылығым оянда. Алғаш ақынның ең көлемді 38-қара сөзіне талдау жасауға талпыныс жасадым. Зерттеу мақалам 2000 жылдың 14 қаңтар күні «Қазақ әдебиеті» газетінің айқара бетінде «Кітап тасдиқ» және оның тектологиясы немесе абайтанушылар неден қателесті» деген атаумен жарияланды. Бір тәуірлі, қоғамда, зиялы қауым ортасында едәуір резонанс тудырып, ғалымдар тарапынан оң пікірге ие болды. Алғашқы Абай мұраларымен ғылыми тұрғыда шұғылдануым осы кезден басталды.

Абай өлеңдеріне мәтінтану тұрғысынан толық талдау жасалды деп айтуға әлі ерте. Бүгінге дейін Абай шығармаларына толық тектологиялық талдау бола қойған жоқ. Ол оңай дүние емес. Көп тер төгу мен шұқшана еңбектенуді қажетсінетін күрделі жұмыс. Абай шығармаларының тектологиясын зерттейтін ғалымға шығыс тілдерін жетік меңгеруі, қолжазба оқуындағы тәжірибесіне қоса, шығарманың көркемдік деңгейіне өлі жүргіретіндей ақындық қабілеті болуы шарт.

Осы білім-білік толық бойында бар адам ғана бұл міндетті абыройлы атқара алады. Тектология – қазақ әдебиеттануындағы кенжелеу дамыған сала. Бұған дейін Абай шығармаларының мәтіндерін зерттеу бағытында Қайым Мұхамбетханов, Ханғали Сүйіншалиев секілді санаулы ғалымдар хал-қадіріне еңбек етті. Алайда, ол уақытта ғылымның даму деңгейі әлі де төмен болатын әрі ғалымдардың қолында

ақын қолжазбаларының барлық нұсқалары түгелдене қойған жоқ. Бір жақсысы, қазір Абайға қатысты қолжазбаның бәрі дерлік жинақталған, іздеген ғалымға олардың электронды нұсқалары қолжетімді, яғни, зерттеймін деген талапкерлерге барлық мүмкіндік бар. Шынымен ниеттеніп қолға алған зерттеуші 2-3 жылда өнімді нәтижеге жетуі мүмкін.

Сонымен қатар, баспа көрмеген, Абайға қатысты өңгіме-аңыздар да көп. Барлығын жинақтап академиялық жинақ шығарса, ақын мұрасын толықтыруға деген иті қадам болары сөзсіз. Бұған дейін 1995 жылы толық жинағы шығарылды. Бірақ, сол жинақтың өзінде Абайдың кейбір өлеңдері мен ғылыми қауымға таныс кейбір енетін «Қозы Көрпеш – Баян Сұлду» жырының екі томына қалжың жеткі қолжазба мәтіндерді жинақтап, жүйелеумен айналысамыз. Осы томдардың жауапты редакторымын әрі құрастырушылардың бірімін. Институт ғимаратына күрделі жөндеу жүріп жатқан соң академик-жазушы М.Әуезовтің музей-үйінің екі бөлмесін уақытша паналап отырғанбыз. Сондай қарбалас күндердің бірінде кабинетке астаналық журналист Тортай Сәдуақасов бас сұқты. Ол кісінің бұрын көрмеген едім. Амандық-саулық сұрасқаннан кейін ағамыз маған 70-жылдары институт жігіттерінің бірін алған ескі қолжазбаны қайтарғысы келетінін жеткізді.

Фотокөшірмен асықпай оқып қарасам, 1-бетінде – «Жаңа закон», 3-беттен әрі қарай – «Қозы Көрпеш – Баян қыз» жыры. Аталған жадігер 1959 жылы Омск қаласындағы мемлекеттік архив қорынан табылған екен. Қолжазбада Әлкей Марғұландық қолы бар. Сол жылдары академик өлеңнің Абайға тиесілі екенін айтып, газет-журналға мақала да жазған. Бірақ сол уақытта атақты ғалым өзінің

Абай қолжазбаларына байланысты көзқарастарымен Мұқанды иландыра алмаған көрінеді. Кейіннен Әлекеннің қолжазбасы басқа кісілердің қолына түсіп, бұл тақырып біраз уақыт ұмыт қалған. Енді мен де өз тарапымнан қолжазбаны зерттей бастадым. Алдымен, «Жаңа закон» мен «Қозы Көрпеш – Баян қыз» поэмасын қазір харпінен қазіргі әліпбеймізге көшірдім.

Абайдың 1933 жылғы жинағына М.Әуезов тауып, өз қолымен әзірлеп енгізген «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққан» деген мақаласын «сұқандығы туралы» атты мақаласын ақынның қалаған жалғыз қолтаңба ретінде саналады. Зерттеу барысында «Қозы Көрпеш – Баян Сұлду» поэмасының мәтіні, мазмұны мен калиграфия үлгісін Абайдың аталған мақаласымен мұқият салыстырдым. Нәтижесінде үш-бү қолжазбаның көшірмесі мен Әлекен айтып кеткен «Қозы Көрпеш – Баян қыз» нұсқасының бір қолдан жазылған төл туындылар екендігі мәлім болды (поэма Абай нұсқасында осылай аталған). Әйтсе де, ол тұста «Қозы Көрпеш – Баян Сұлду» эпосының «Абай нұсқасы» дегенге абайтанушы ғалымдарымыз тағы да сенімсіздік танытты. Сол себепті, «Бабалар сөзі» көптомдығына «Потанин нұсқасы» деп енгізілді. Менің жазған ғылыми түсініктемем қысқартылып, біраз өзгертуге тура келді.

2015 жылы ақынның 170 жылдық мерейтойында Семей қаласында бас қосқан абайтанушы ғалымдар алдында аталған қолжазба туралы баяндама жасадым. Кейіннен ол еңбегім Абай мерейтойына орай жарық көрген ғылыми конференция жинағында, республикалық «Абай» әдеби журналында және 2019 жылы 4-қарашада «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланды. Ешкім қарсы пікір білдірген жоқ. Жалпы «Қозы Көрпеш – Баян қыздың» мазмұнында да Абай өлеңдерімен үндес, тіпті қайталанатын келетін тұстары аз емес.

Ал Абайдың «Жаңа закон» атты өлеңіне қатысты ғалымдар арасында сан қилы пікір қалыптасты. Ғылымда пікірталас болуы – заңды құбылыс. Себебі, «Жаңа закон» өлеңінің көркемдік жағынан осал тұстары көп. Образды жағын жетіспей жататын бөліктері де бар. Бірақ, ұйқасында, мәнінде, мағынасында ешқандай кемшілік

жоқ. Менің жеке пікірімше, бұл туындының Абайдың төл мұрасы екені даусыз.

«Жаңа закон» өлеңінің Абайға тиесілі екеніне ғылыми негіздеме бар. Аталған қолжазба 1884 жылы хатқа түскен. Ал Абайдың алғашқы өлеңдері баспасөз бетінде 1886 жылы жарияланған. Ол кезге дейін ел билігіне белсене араласқан ақын өлеңге дендеп кіріспегені де мәлім. Бұл шығарманы 1870 жылдары 25 жас шамасында жазған. Өлеңде орысша сөздер көп кездеседі. Абайдың кейінгі өлеңдеріндегідей «сұқанды», «заңон», «тергеу», «жалауан», «ойшылдар» секілді орыс тіліндегі, өзге қазақ ақындарда кездесе бермейтін әлеумет, жоғам, сот саласының терминдерін еркін қолданады. Екі қолжазбаның да оң жақ шекесіне жыл, ай, күн мерзімдері орыс үлгісінде жазылған. Мысалы: «1884 года, 21-го числа марта» дегендей.

Ол жылдары мұндай жазу стилі, алғіндей орыс сөздері қазақ ақындарында жоқтың қасы болатын. Тағы бір мысал: архивте 1882 жылы хатқа түскен Семейдегі статистикалық комитеттің хаты сақталған. Онда Семей өңірінен қазақ ертегілерін жинауға адам керектігі айтылған және «бұл міндетті атқара алатын орысша-қазақша жетік Ибрагим Өскенбаев» деген дерек те берілген. 1884 жылы Абай «Қозы Көрпеш – Баян Сұлду» поэмасын статистикалық комитет бастығы И.Коншинге, ол болса қолжазбаны Омскідегі қазақ фольклорын жинаушы орыс ғалымы Г.Потанинге жіберген. Өлеңнің бірқатар үзінділері ақынның 3-ші және 25-ші қара сөздерін қайталауымен назар аударады. Сондықтан «Жаңа закон» өлеңі Абайдыкі деп айтуға негіз бар.

Алдағы мақсатым – «Қозы Көрпеш – Баян Сұлду» жырының Абай нұсқасын және «Жаңа закон» өлеңін факсимилесімен жеке кітап етіп шығару. Жинақта ақынның өмірі мен шығармашылығына қатысты өзге де бағыттар қарастырылуы мүмкін. Ойымша, жұртшылыққа Абай мұрасын таныстыру, насихаттау бағытында тың бастама болады-ау деген үміт басым.

Серікбай ҚОСАН, филология ғылымдарының кандидаты, түркітанушы



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба еңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыз газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақыл қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу күні №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.